



Автор: Исатаева Назгуль Бакитовна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Компьютер және қауіпсіздік

Тақырып: Интернетпен жұмыс жасау барысында қандай қауіп бар?

Сабақтың мақсаттары	Барлығы: Компьютердің, ғаламтордың бала денсаулығына тигізетін әсерлерін зерттейді, айтып жеткізеді Көбі:Жұмыс орнын дұрыс әзірлеуді үйренеді. Ғаламтордың зиянынан сақтандыру шараларын айқындайды Кейбірі: Анық және толық сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсетеді.
---------------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы 5 минут Сабақтың ортасы 8 минут 1 минут 3 минут 5 минут 16 минут Сабақтың соңы 2 минут</p>	<p>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет Психологиялық ахуал қалыптастыру: Сабақ басында төмендегілерге назар аудару керек: - оқушылардың назарын шоғырландыру Стикерлер арқылы топқа бөлу; бағалау парағын тарату; - оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын/ОМ анықтау; Бумадағы файлдарды сөз түрінде ұсыну. Жаңа сабақты түсіндіру Ғаламтор және бала денсаулығы Халықаралық денсаулық сақтау ұйымының дәлелдеуінше, бүкіләлемдік ғаламтор желісі жеткіншектерге физикалық, психологиялық жағынан айрықша зиянды. Ең алдымен, баланың көру қабілеті төмендейді, себебі, бұлшық еттері қатаймаған жасөспірімнің көздері шаршайды. Сондай-ақ, компьютер алдында көп отыру жасбалдырғанның омыртқа сүйегін зақымдайды. Қозғалыссыз отыру, қолмен ғана бірыңғай жұмыс істеу, содан ағзаға салмақ түсуі баланың жүйке қызметін бұзып, мойнына тұз бен суықтың жиналуына (остеохондроз) әсер етеді. Және де жамбас сүйектің үнемі қозғалыссыз қалуы қабынуы (простатит) мен тоқ ішектегі тамырдың кеңеюі (геморрой) ауруына ұшыратады. Британдық биологтар арнайы зерттеу жүргізе келіп, мынандай қорытынды жасап отыр: «Әлеуметтік желілерде үнемі отыру ми қызметіне де кері әсер етеді, гормональдық тепе-теңдікті бұзады, иммунитетті нашарлатады, мұның бәрі адамның жүйкесі мен ой-санасына белгілі бір мөлшерде ауыртпалық түсіреді». Өздеріңізге белгілі, жүйкегесалмақ түсуі дегеніңіз - ойлау қабілетінің төмендеуі, көңіл бөлу мен естесіңіздің кемуі, бас ауруы мен ұйқысыздық, көңіл күйдің құрлауы. Ғаламтор жеткіншектер үшін реферат, музыка мен фильмдер, суреттер, ойындар көшіріп алу, бір-бірімен хат жазысу үшін қажет. Олар өздерін мазалаған сұраққа да ғаламтордан жауап іздейді. Алайда ғаламтордың қауіпі де аз емес. Мысалы, ресейлік ғалымдардың айтуынша, бүкіләлемдік шырмауық-торда экстремистік және террористік сипаты бар, қырықтан астам сайт жұмыс істеп тұр. Ал оның жастарымыздың ой-санасы мен дүниетанымын теріс жолға бағыттап, оларды қылмысқа азғыратыны мәлім. Жазғы демалыста жеткіншектердің ғаламторды пайдалануын зерттегендер айтады: «Биыл жасөспірімдердің 4 пайызы жыныстық қатынасты көрсететін әлемдік желілерді көрген, 14,5 пайызы беймәлім адамдармен кездесуге келіскен, 19 пайызы парносайттарға енген, 38 пайызы зорлық-зомбылық туралы ақпараттарды тамашалаған, 16 пайызы нәсілшілдік мазмұндағы сайттарға кірген» - деп [6]. Мінеки, қазіргі таңда көптеген жеткіншектердің өзіне-өзінің қол жұмсауының бір сыры осында жатқан тәрізді. Жеткіншіктер үшін ғаламтордың бір зиянды жағы: мұнда әр түрлі құмар ойындары, зиянды бағдарламалар көп. Алаяқтар мен хакерлер жастарды ғаламторға тәуелді етіп, бұлыңғыр қарым-қатынас, жыныстық байланыс жасауға шақырып, виртуальды әлемге қызықтырып, ақыл-ойы әлі қалыптаспаған ұл-қыздарымызды еліктіріп, есінен айырады. Әрине, қазіргідей техникалық-ғылыми прогресс дамыған заманда компьютердің, ғаламтордың дұрыс пайдалана білген адамға пайдасы зор. Ол талас туғызбайтын ақиқат. Тек оған біздің көптеген жастарымыздың таным-түсінігі жетпей жататыны болмаса... Компьютерде дұрыс жұмыс жасау ережелері Бөлмеде, компьютермен жұмыс істеу үшін арнайы табиғи, жасанды жарық болуы керек. Үй жайда күнделікті дымқыл тазалық жүргізілуі керек. Жұмыс орны міндетті түрде кем дегенде 6 м², ал көлемі 20 м³ құрау керек. Столды терезенің жанына қою керек, өйткені жарық сол жақтан түседі. Компьютермен жұмыс үшін жақсы жарық жайылған тікелей емес жарық, яғни экранға шағылыспауы керек. Қолданушының көру кеңістігінде ашық өткір жарықтар түспеуі керек, сол үшін терезеге перде әлде жалюзимен жабылуы қажет. Жасанды жарықта жалпы және біркелкі болуы керек, бірақта жалғыз стол шамын қолдану жеткіліксіз. Орысша және ағылшынша терминдер арасындағы сәйкестікті орнатыңыз Браузер e-mail Домен browser Хабарламалар тақтасы domain Сеанс gateway Желі BBS Электронды пошта session Шлюз network 1. «Сұрақ- жауап» әдісі арқылы оқушыларға сұрақ беріледі және олар топ болып пікір талас тудырып, өз ойларын айтады. «Сіз қалай ойлайсыз не себепті интернетті пайдалану барысында бөгде жұмыстың көшірмесін алу нәтижесінен заңды емес?» талқылау 2. Сөз тіркестерін телекоммуникациялық технологиямен байланыстырып, толтырыңыз: 1. ... желі; 2. ... мекенжай; 3. электрондық ...; 4. желі ...; 5. ...- сервер; 6. ...жәшік Сыныпқа арналған саулнама сұрақ Рефлексия Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы: БҮҮ кестесін толтыру. білетінім үйренгенім үйренгім келетіні</p>	<p>Жаттығулар көрсетілімі немесе видео материалдар. Сергіту сәті Сұрақ парақшалары. Оқулық, дәптерлер. Ойын ойнайық. Смайликтер Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие)</p>
---	---	--